

Ғылыми кеңесшінің ПІКІРІ

Кайдаулов Мұхтар Кенжебекұлының 6D110200 «Қоғамдық денсаулық сақтау» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін ұсынған «Денсаулық сақтаудағы адами ресурстарды болжамдау әдістемесіне ғылыми көзқарас (үлкен қала жағдайындағы жалпы тәжірибелі дәрігерлер мен мейіргерлер мысалында)» диссертациясына

Қазақстан Республикасының 2026 жылға дейінгі денсаулық сақтауды дамыту концепциясында халықтың қажеттіліктері мен халықаралық тәжірибені есепке ала отырып, медициналық көмектің көлемін болжау тетіктерінің тиімділігін үнемі арттырудың өзектілігі анықталған. Кайдаулов Мұхтар Кенжебекұлының диссертациялық жұмысының негізгі мақсаты – денсаулық сақтау саласындағы кадрлық ресурстардың жұмыс жүктемесін зерттеу және денсаулық сақтау жүйесіне адами ресурстардың қажеттілігін анықтау бойынша әлемдік тәжірибені зерттеу негізінде медициналық кадрларға деген қажеттілікті болжау тәсілін ғылыми тұрғыдан негіздеу болып табылады. Бұл зерттеу тақырыбының өзектілігін және оның Қазақстан Республикасының ғылыми басым бағыттарына сәйкестігін көрсетеді.

Диссертациялық жұмыстың орындалуында автордың қосқан үлес деңгейі жоғары. Кайдаулов Мұхтар Кенжебекұлы диссертация тақырыбы бойынша шет елдік және отандық 85 әдебиет көздерін өздігінен талдап, денсаулық сақтау саласындағы кадрлық ресурстарды болжау әдістері бойынша үздік тәжірибелерді саралады. Жалпы тәжірибелі дәрігерлер мен мейіргерлердің қызметін реттейтін нормативтік-құқықтық актілерге контекстік талдау жүргізіп, нәтижесінде жалпы тәжірибелі дәрігерлер мен мейіргерлердің жұмыс жүктемесінің өсу тенденциясын анықтаған.

Диссертациялық жұмыс тақырыбының, мақсатының, міндеттерінің және зерттеу нәтижелерінің ішкі біртұтастығымен ерекшеленеді. Мақсаттар мен міндеттер диссертация тақырыбына сәйкес келеді. Диссертация мазмұны зерттеу тақырыбын толық ашады және әдіснама мен нәтижелердің сипаттамасында толық көрініс тапқан. Жұмыстың барлық бөлімдері мен тұжырымдары логикалық тұрғыдан өзара байланысты.

Зерттеу барысында жалпы тәжірибелік дәрігерлер мен мейіргерлерге деген қажеттілікті болжауда бүкіләлемдік денсаулық сақтау ұйымы ұсынған WISN әдісі қолданылған. Бұл әдіс медициналық кадрларға деген қажеттілікті олардың жұмыс жүктемесі негізінде анықтауға бағытталған.

Сонымен қатар, Алматы қаласының тәжірибелік денсаулық сақтау жүйесіне жалпы тәжірибелі дәрігерлер мен мейіргерлердің қажеттілігін болжау үшін жасанды интеллект мүмкіндіктері мен модельдер ансамблі әдісі пайдаланылған. Бұл болжам модельдерінің ықтимал қателігін азайтуға мүмкіндік береді.

Жалпы тәжірибелі дәрігерлер мен мейіргерлерге деген қажеттілікті анықтаудың бұл тәсілдері Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау жүйесі үшін жаңа болып табылады және зор тәжірибелік маңызға ие.

Жоғарыда аталғандар негізінде, диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым және жоғары білім беру сапасын қамтамасыз ету комитетінің PhD философия докторы дәрежесіне (6D110200 – «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы) қойатын талаптарына толық сәйкес келеді және ресми қорғауға ұсынылады.

Ғылыми кеңесші:
м.ғ.д. ҚР ДСМ «Қазақ
дерматология және
инфекциялық аурулар
ғылыми орталығы»
директорының орынбасары



Турдалиева Б.С.

